



010000, Астана к. Бейбітшілік к-сі.11 үй  
тел: 55-66-31, 55-66-37, факс: 55-72-94

29.01.14 № 1

№

гс

010000, г. Астана, ул. Бейбитшилик, 11  
тел: 55-66-31, 55-66-37, факс: 55-72-94

Тұрақты комиссияның қаулысы  
2017 жылғы 24 қаңтардағы

Астана қаласында мектепке дейінгі  
білім беру жүйесін дамытудың жағдайы  
және перспективалары туралы

Қалалық мәслихаттың әлеуметтік – мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы «Астана қаласының Білім басқармасы» ММ Астана қаласында мектепке дейінгі білім беру жүйесін дамытудың жағдайы және перспективалары туралы есебін тыңдал, қалалық атқарушы органдар елорданың мектепке дейінгі балалар мекемелерін дамыту жөніндегі іс-шаралар кешенін атқарып жатқандығын анықтады.

Қаланың мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің жүйесін 95 мемлекеттік, 2 ведомстволық, 116 жекеменшік бала бақша мен 48 шағын орталықтар құрайды, жалпы бала саны – 48 154.

Мектепке дейінгі балалар мекемелерінде орын тапшылығын қысқарту бойынша шаралар қабылдануда. Астана қаласы бойынша балаларды мектепке дейінгі біліммен қамту көрсеткішінің өсуі ағымдағы жылды 2015 жылмен салыстырғанда 6,1 пайызды құрайды.

Жеке меншік бала бақшалар ашу бойынша қызметтер белсендендерілуде, олардың саны бүгінгі таңда 116 үйымды құрайды. Мектепке дейінгі оқытуға және тәрбиелеуге мемлекеттік білім тапсырысы 96 үйимда орналастырылған.

Мемлекеттік білім беру дотациясының ұлғаюына байланысты мемлекеттік мектепке дейінгі үйымдарда ата – аналардан немесе олардың орнын басушылардан баланы ұстауға алынатын ай сайынғы ақы мөлшері төмендеді.

Мектепке дейінгі мекемелердегі тапшылықты анықтау бойынша жүргізілген талдау негізінде қалада бала бақшалар салуда мемлекеттік – жекешелік серіктестік тетіктерін пайдалану бойынша жұмыс белсендендерілуде. Сонымен, 2016 жылдың желтоқсанында жеке серіктестіктер 1440 орынға арналған бала бақша құрылышының 6 жобасына қатысуға конкурстық өтінім берді.

Сонымен бірге, Астана қаласы мәслихатының әлеуметтік – мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы қалалық атқарушы органдар қабылдаپ жатқан шараларға қарамастан мектепке дейінгі бала бақшалардағы орын тапшылығы және кезектілік мәселелері әлі де өзекті болып отыр.

Бала бақшадан орын алуға кезекте тіркелген балалар саны жыл сайын 10 мыңда көбеюде жәнс қазіргі таңда 3 жаста 6 жасқа дейінгі аралықтарды 33 240 мың баланы құрайды. 96 жекеменшік бала бақшаларындағы мемлекеттік білім тапсырысы бойынша балалар саны 8 849 адамды құрайды.

Қалада ашының жатқан жекеменшік бала бақшапарды орналастыру орнын талдау кезінде жүйенің жоқтығы байқалады. Мысалы, Оңтүстік – Шығыс шағын ауданында жекеменшік бала бақшалар саны көп, ал қаланың кейбір аудандары мен тұрғын үй алаптарында жоқ.

Қала тұрғындары тарапынан Қалалық білім басқармасына рұқсат қағаздары жоқ қаланың аумағында жұмыс істеп жатқан жекеменшік бала бақшалардың орналасуы және оларды ұстаудың санитарлық нормалары мен ережелерін бұғандықтары үшін көптеген шағымдар түсуде.

Інғайластырылған гимараттарда орналасқан жекеменшік бала бақшалардың тиісті нормативтерді сақтауларының және санитарлық – эпидемиологиялық жағдайына басты назар аудару қажет.

Балаларға медициналық қызмет көрсету ерекше мұқияттылықты қажет етеді. Мамандандырылған бала бақшаларға баруы қын көру органдары ауыратын балалар саны өсуде.

Пәтер иелері кооперативтері мен тұрғын үйлерде жекеменшік бала бақшалар ашқан кәсіпкерлік өкілдері арасында жеке алғанда аулада балаларды серуendetуді ұйымдастыру бойынша түсінспеушіліктер туындалғанда отырады.

Жоғарыда айтылғанның негізінде қалалық мәслихаттың әлеуметтік – мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТТІ**:

1. «Астана қаласында мектепке дейінгі білім беру жүйесін дамытудың жағдайы және перспективалары туралы» ақпарат назарға алынсын.

2. Астана қаласының әкімдігіне:

- балаларды мектепке дейін тәрбиелеуді және оқытуды қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік – жекешелік серіктестік тетіктерін қолдана отыра, елордада мектепке дейінгі ұйымдар салу бойынша қызметті белсендендіру;

- қаланың тәңгеріміндегі жоспарланған секторларда орналасқан тұрғын үйлік емес орынжайларды мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастырумен беру мәселесін қарастыру;

- пәтер иелері кооперативтерінің тұрғын үйлерде жұмыс істеп жатқан мектепке дейінгі жеке меншік мекемелерімен өзара әрекет етуді реттеу, оның ішінде аулада балаларды серуendetуді ұйымдастыру бойынша шаралар қабылдау ұсынылсын.

3. «Астана қаласының Білім басқармасы» ММ-не:

- бала бақшаны таңдаудың баламалылығын құру үшін мемлекеттік және жекеменшік бала бақшаларда ата – ана төлемінің тең мөлшерін белгілеу мсәелесін шешу;

- мұдделі органдармен бірге мектепке дейінгі балалар мекемелерін салу үшін жеке меншік инвесторлар тарту бойынша жұмысты жетілдіру;

Астана қаласының аумағындағы мектепке дейінгі балалар мекемелерінде қажеттілікті зерделеу бойынша тұрақты мониторинг жүргізу және мұдделі мемлекеттік органдармен бірге бала бақшалардың орналасу орнын анықтау,

- көрүлдері бойынша ауыратын балаларды медициналық – әлеуметтік сауықтыру және қолдау үшін бала бақшаларда коруі бойынша мамандандырылған топтар ашуды қарастыру;

- мектепке дейінгі балалар мекемелерінде педагогикалық және медициналық персоналдың кәсіби деңгейін тұрақты көтеруді қамтамасыз ету;

- Денсаулық сақтау басқармасымен бірге балаларға медициналық қызмет көрсетудің, бала бақшаларда сауықтыру сапасын көтерудің тиімді нысандарын пайдалану;

- «Астана қаласының Құрылыш басқармасы» ММ-мен бірге бала бақшалар салуда жеке инвесторлар тарту бойынша материалдарды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау бойынша шаралар қабылдау ұсынылсын.

4. «Астана қаласының Білім басқармасы» ММ –не Астана қаласының Білім беру саласын бақылау жөніндегі департаментпен бірге мектепке дейінгі білім беру және тәрбиелеу саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасының орындалуын мемлекеттік бақылауды іске асыру шегінде жекеменшік бала бақшаларда олардың қызметінің Санитарлық ережелерге сай екендігін тексеру бойынша шаралар қабылдау ұсынылсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау тұрақты комиссия төрағасының орынбасары К.Ж. Әбденге жүктелсін.

**Тұрақты комиссияның төрағасы**

**М. Шайдаров**

